«Қазақстанда Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»

Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*

Ішкі бағдарлама: *105 «Көршілес мемлекеттермен су қатынастарын реттеу, шекарааралық суларды тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру»*

Ерекшелігі: *156 «Консультациялық қызметтер мен зерттеулер үшін төлем»*

Мердігер: «Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры

Жұмыстың толық құны:	110 685 051,78 тг.
2021 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	48 413 000,00 тг.
Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
а) жылдың басынан:	9 730 264,00 тг.
б) есептік ай бойынша:	3 342 472,00 тг.

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2021 жылғы наурыз айы бойынша

2021 жылғы 23 ақпандағы № 2 қосымша келісім бойынша 25.06.2020 ж. № 83 Мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры
Директор
Бекниязов Б.К.

2021 жылғы 17 наурыз

Алматы қ. 2021 ж.

Халықаралық Арал теңізін құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының

аннотациялық есебі

2021 жылғы наурыз айына

Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі* – ХСБО) 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс–шаралар орындалды.

1. «Штаттан тыс жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оны ескерту тетіктерін жетілдіру» жобасын орындау және қаражат тарту

2021 жылғы 17 ақпанда жобалық ұсынысты талқылау бойынша ЭРБК, ЭСТДД және «Қазгидромет» РМК өкілдерімен жұмыс кездесуінің қорытындылары бойынша қол жеткізілген келісімге сәйкес ХСБО Орталық Азия елдерінің уәкілетті органдарына, сондай-ақ Қазақстандағы Еуропалық Одақ делегациясына жобаны қолдау туралы хаттардың жобаларын дайындады, олар ҚР ЭГТРМ-не ХСБО-ның 26.02.2021 жылғы № 28 тіркеудегі хатымен жіберілді. *1 - қосымша-ХСБО-ның 26.02.2021 № 28 хаты.*

Осы хат бойынша орындаушысы болып ЭРБК тағайындалды. Орындаушымен жобалық ұсынысты пысықтау бойынша жұмыс консультациялары өткізілді. ЭРБК ұсынысы бойынша жобалық ұсынысқа Сырдария өзенінің ластану көздерін бағалау жөніндегі қосымша компонент енгізілді. Пысықталған жобалық ұсыныс одан әрі дипломатиялық арналар мен Еуропалық Одақ делегациясы арқылы шектес елдерге жіберу үшін ЭРБК-ке бағытталды.

2021 жылғы 26 наурызда Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының және өнеркәсіптік аварияларжөніндегі конвенция Хатшылығының өкілдерімен жобалық ұсыныстарды ілгерілетуді тездету, оны талқылау бойынша онлайн кездесу өткізу жоспарлануда.

2. ХСБО-ның жобалық ұсыныстар жинағын жаңарту және оларды орындауға қаржы демеушілерін іздеу

Есепті ай кезеңде Өңірлік гидрология орталығымен Орталық Азия және Ауғанстан елдері үшін гидрометеорологиялық қызмет көрсету бойынша семинар-тренингті өткізуге, олардың қатысуы және қолдауы туралы консультациялар жүргізіліп, тренингте болатын тақырыптар талқыланды, тренингті ұйымдастырудағы ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол

жеткізілді. Өңірлік орталықтың ұсыныстарын ескере отырып, семинар-тренинг тұжырымдамасы әзірленді. *2 - қосымша-Гидрометеорологиялық қызмет көрсету жөніндегі семинардың тұжырымдамасы.*

2021 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Словакиядағы елшілігінің өкілі Д.Т. Изановамен жұмыс кездесу өтті. Словак тарапының қолдауымен гидрометеорологиялық қызмет көрсету бойынша Орталық Азия елдері мен Ауғанстан сарапшылары үшін семинар-тренингті ұйымдастыру мәселелері, сондай-ақ словак тарапының ағымдағы жылғы сәуір айының соңында Орталық Азия елдеріне жасыл технологиялар бойынша семинар өткізу туралы ұсынысы талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша словак ұйымдарының ХСБО жұмысының ағымдағы бағдарламасын іске асыруға және жаңа бағдарламаны әзірлеуге қатысу мәселесін бірлесіп пысықтау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

3. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау және Конвенцияның жұмыс органдарының отырыстарына (Бюро, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобы, мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобы, су және Климат жөніндегі нысаналы топ, су, энергия және азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топ) және Конвенцияны орындау шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің сұрау салуы бойынша Конвенция Хатшылығымен 74 мың АҚШ доллары сомасында ерікті жарнаны негіздеу бөлігінде консультациялар өткізілді.АҚШ. Хатшылықпен консультацияда Конвенцияның траст қорына Қазақстанның ерікті жарналарын бөлу туралы ҚР СІМ-нің бюджеттік өтініміне негіздеме әзірленді. *3 – қосымша-Конвенцияға жарналарға негіздеме.*

Халықаралық Аралды құтқару қоры ұйымдастырған «Жаһандану жағдайында су ресурстарын басқару» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында Мемлекеттік органдардың өкілдері мен Орталық Азия елдерінің сарапшыларының қатысуымен трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияның төрағасы А.Т.Зебешевтің және Конвенцияның атқарушы хатшысы Сони Коеппельдің іс-шараға қатысуы және сөзін дайындау бойынша Конвенция хатшылығымен консультациялар өткізілді. Бүкіл әлемде трансшекаралық су ынтымақтастығын дамыту үшін Конвенцияның маңыздылығы және Қазақстанның Конвенция бюросына төрағалығы шеңберінде қабылданатын шаралар туралы Трансшекаралық сулар бойынша Конвенция төрағасы А.Т.Зебешевтің сөз сөйлеу мәтіні дайындалды. *4 – қосымша-А.Т.Зебешевтің пленарлық отырыстағы құттықтау сөзінің мәтіні.*

4. Орталық Азияның су-энергетикалық ресурстарын пайдалану механизімін құрудың өңірлік процесіне қатысу

2021 жылғы 25 ақпанда «Орталық Азия су секторының экономикалық тұрақтылығына қол жеткізу үшін қажетті құрылымдық және институционалдық реформаларды айқындау» тақырыбы бойынша екінші вебинар өтті. Вебинар Корвинус университетімен ынтымақтастықта Швейцария үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылатын «Су тұрақты қалпына келтірудің қозғаушы күші ретінде: Орталық Азиядағы су ресурстарын басқарудың экономикалық, институционалдық және стратегиялық аспектілері» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. Бұл вебинар Орталық Азияның су-энергетикалық ресурстарын пайдалану тетігін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру үшін 2020 жылдың соңында іске қосылған вебинарлар сериясындағы екінші болып табылады. Бағдарлама Швейцарияның Blue Peace Central Asia бастамасының қаражаты есебінен орындалады.

Вебинар жұмысына су ресурстарын басқару, энергетика және қоршаған орта саласында жұмыс істейтін Орталық Азия елдері мен Ауғанстаннан 100-ге жуық мамандар мен сарапшылар, экономистер, қаржыгерлер, соңдай-ақ донорлық және халықаралық ұйымдардың, академиялық топтардың өкілдері және Орталық Азия елдерінде стратегиялық жоспарлаумен айналысатын тұлғалар қатысты.

Вебинардың негізгі мақсаты Орталық Азияның су секторының тұрақтылығына қол жеткізу үшін қажетті құрылымдық және институционалдық реформаларды анықтау болды. Кездесу қорытындысы бойынша, қатысушылар Орталық Азия елдерінде су секторының институционалдық және құрылымдық реформаларын тиімді енгізу, неғұрлым тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, ондаған миллион адамға неғұрлым кең пайда ұсынуға мүмкіндік береді деген пікірге келді. Вебинар кезінде талқылау барысы туралы толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *5-қосымша-Корвинус бағдарламасы аясындағы вебинар материалдары.*

Вебинар жұмысына ХСБО директордың орынбасары Ж.Т.Маутанова және бас сарапшы Жакен К.М. қатысты.

5. Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және әлемнің басқа да өңірлерінде ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларға қатысу

2021 жылғы 11-12 наурызда онлайн режимінде «Жаһандану жағдайында су ресурстарын басқару» ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияны Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті және Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясы ұйымдастырды.

Конференцияның негізгі мақсаты – жаһандану контексінде халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және дамыту, Арал теңізінің проблемаларына әлемдік қоғамдастықтың назарын аудару және

трансшекаралық ынтымақтастықтың болашақ бағыттарын анықтау.

Конференцияға Орталық Азия елдерінің, сондай-ақ Молдова, Литва, Израиль, Ресей Федерациясы, Белоруссия, Украина және Әзірбайжанның мемлекеттік органдарынан, академиялық топтарынан, халықаралық және өңірлік ұйымдарынан 140-қа жуық мамандар мен сарапшылар қатысты.

Сондай – ақ конференцияға трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияның өкілдері-Соня Коеппель ханым, Конвенция хатшысы және Конвенция бюросының төрағасы А. Т. Зебешев қатысты. Соня Коеппель өз сөзінде 6.5.2-тармақ бойынша екінші баяндаманың нәтижелері бойынша ТДМ-ға қол жеткізудегі прогресті, трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияның және трансшекаралық су ынтымақтастығындағы су мен денсаулық проблемалары жөніндегі хаттаманың рөлін, сондай-ақ 2023 жылы БҰҰ-ның су ресурстары жөніндегі конференциясына, Дүниежүзілік су форумына және трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция Тараптары Кеңесінің тоғызыншы сессиясына дайындық процесін атап өтті. А.Т. Зебешевтің баяндамасында трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция бюросына төрағалық ету шеңберіндегі Қазақстанның тәжірибесі, су бөлу және экологиялық ағын бойынша талдамалық зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ өңірдегі трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияны жүзеге асыруға ХСБО қосқан үлесі көрсетілді.

Конференция қорытындысы бойынша нақты шешімдер қабылданды, онда Орталық Азияның орнықты дамуы үшін ПБАМ-4, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жұмысты жандандыру, UNESCO жанынан Арал теңізі бассейнінің ғылыми зерттеулері мен мониторингі бойынша «Аралға арналған ғылым» Орталық Азия платформасын құру, кең ақпараттық алмасу мен ынтымақтастыққа жәрдемдесу қажеттілігін қолдау қажеттігі ұсынылды, сондай-ақ 2019-2021 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Су конвенциясы бюросына төрағалық етуі кезіндегі Халықаралық су ынтымақтастығы бойынша оң динамиканы және халықаралық суды бағалау орталығының белсенді субөңірлік қызметін атап өту қажет. Конференция барысында талқылау барысы туралы толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *6-қосымша-конференция материалдары.*

Конференция жұмысына ХСБО атынан директордың орынбасары Ж.Т.Маутанова және бас сарапшы К.М.Жакен қатысты.

2021 жылғы 11 наурызда БҰҰ ЕЭК өңірі үшін орнықты даму жөніндегі форум шеңберінде «Нәтижелерге қол жеткізуге арналған су диалогтары – Бонн 2021: ТДМ-6 салааралық іске асыруды жеделдету» қатар іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты су ресурстарымен байланысты орнықты даму мақсаттарын жедел жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті іс-

қимылдарды қабылдауға қатысты БҰҰ ЕЭК перспективаларын талқылау болды. Іс-шара барысында қатысушылар ТДМ-6 іске асырудағы соңғы жылдардағы прогресс нәтижелерін, климаттың өзгеруі салдарының осы нәтижелерге қол жеткізуге әсерін талқылады, сондай-ақ ТДМ-6 және онымен байланысты ТДМ-16 (бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар) қол жеткізудегі трансшекаралық ынтымақтастықтың маңызды рөлін атап этті.

Іс-шараның қорытындылары бойынша қатысушылар су ресурстары саласындағы секторaралық іс-қимылдарды жеделдету жөніндегі шаралар туралы уағдаласты, сондай-ақ 2023 жылы Нью-Йоркте «Сусыз іс-әрекет жоқ» онжылдығына орта мерзімді шолу жөніндегі конференцияға сумен жабдықтау және санитария саласындағы ТДМ қол жеткізу бойынша БҰҰ ЕЭК өңірінің ұсыныстарын жасады. *7 – қосымша – «Су диалогтар» іс-шарасына материалдар.*

ХСБО атынан директордың орынбасары Ж.Т.Маутанова және қоғаммен байланыс және әкімшілік жөніндегі бас маман Камила Сабырахим қатысты.

6. Басқа да іс-шаралар.

Есепті кезеңде ХСБО ҚР ЭГТРМ-не су ресурстарын тұрақты бөлу және трансшекаралық контексте экологиялық ағынды бағалау бойынша талдамалық зерттеулердің нәтижелері туралы трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция хатшылығына өтінішті дайындауда көмек көрсетті. *8 – қосымша-Конвенция хатшылығына өтініш жасауға ұсыныс.*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сұратуы бойынша Су және денсаулық мәселелері бойынша БҰҰ-ДДҰ ЕЭК хаттамасы бойынша іс-шаралар туралы ақпарат дайындалды, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы жоспарына Хаттамаға қосылу туралы ұсыныс енгізу туралы ҚР СІМ-не сұрау салу туралы хатының жобасы дайындалды. *9-қосымша-ҚР СІМ-не жолданған хаттың жобасы.*

ҚР ЭГТРМ Трансшекаралық өзендер департаментінің сұрауы бойынша 2021 жылғы 18 наурызда Нью-Йорк қаласында өтетін «Су ресурстарымен байланысты тұрақты дамудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу» БҰҰ жоғары деңгейдегі кездесуінің пленарлық отырысында Қазақстан өкілінің сөйлейтін сөзінің мәтіні әзірленді. *10 – қосымша-БҰҰ-да сөйлейтін сөздің мәтіні.*

7. Қаржыландыру.

Наурыз айында сұратылатын қаржыландырудың жалпы сомасы **3 342 472** теңге, оның ішінде:

- аударымдармен қоса қандағы еңбекақы төлемі-2 203 062 теңге *(еңбекақы-1 990 000, әлеуметтік салық-135 210, әлеуметтік аударымдар – 38 052, медициналық сақтандыруға аударымдар-39 800);*
- кеңсені жалға алу-723 800 теңге;

- жеткізушілерге қызметтер үшін ақы төлеу – 243 030

- үстеме шығындар – 172 580 теңге–25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1-қосымша-ХСБО-ның 26.02.2021 № 28 хаты,1 б-ке;

2) 2 - қосымша-Гидрометеорологиялық қызмет көрсету жөніндегі семинардың тұжырымдамасы, 2 б-ке;

3) 3 - қосымша-Конвенцияға жарналарға негіздеме, 2 б-ке;

4) 4 – қосымша-Пленарлық отырыста А.Т.Зебешевтің құттықтау сөзінің мәтіні, 2 б-ке;

5) 5 – қосымша - Корвинус бағдарламасы шеңберіндегі вебинар материалдары, 4 б-ке;

6) 6 - қосымша-Конференция материалдары, 7 б-ке;

7) 7 – қосымша – «Су диалогтары» іс-шарасына материалдар, 3 б-ке;

8) 8 – қосымша-Конвенция хатшылығына өтініш жасауға ұсыныс, 4 б-ке.

9) 9 - қосымша- ҚР СІМ-не жолданған хаттың жобасы, 2 б-ке;

10) 10 - қосымша-БҰҰ-да сөйленетін сөздің мәтіні, 3 б-ке.

Директор **Б. Бекнияз**